


Құтпанұлы Иманжүсіп

(1863-1929)

Ақсу қаласы



Қазақтың халық композиторы, әнші ақын Иманжүсіп Құтпанұлы 1863 жылы Павлодар облысы Ақсу ауданында дүниеге келген.

Иманжүсіп жас кезінен-ақ жырға, шешендік сөзге құмар боп, сал серілер дәстүрін ұстап, саятшылдық құрып, балуан атанды. Ол суырып салма ақын болған. Өмірден көрген, білгендерін әнге қосып айтқан. Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Мәди әндерін тамылжыта шырқаған. Жарылғапберді, Естай т.б. әншілермен дос, сырлас болған. Ал, Жаяу Мұса Иманжүсіппен талай рет жүздесіп, ақыл - кеңес беріп, оған өлең де арнаған.

Иманжүсіп Құтпанұлы Ертіс бойында талай рет қуғынға ұшырап, Ақмолаға келеді. Мұнда да әкімдердің зорлық-зомбылығына, әділетсіздігіне шыдамай оларға шығарған өткір өлеңдерін айтады. Одан да қуғынға түсіп, 1905-1912 жылдары Өскеменге, 1914 жылы Жетісу жеріне айдалады. Шұбарағаш, Ойжалау, Лепсіде тұрады. Өмірінің қалған уақытын Сарыарқада өткізеді. Иманжүсіп Жаяу Мұса, Мәди сияқты әділет, теңдікті жырлаған күрескер әнші.

«Сармойын», «Бұқылы мен тақылы», «Ішім өлген дүниеай, құр сыртым сау», «Әкем Құтпан болғанда, ағам Шоқай», «Қысыраттың үйірі жирен ала», «Мен қалайша жалғанда тұрақтайын» т.б. әндері әр әншінің азаматтығын танытады. Оның әндерін А.В. Затаевич, Қ. Байсейітов, Иса Байзақовтар нотаға түсірткен. «Сармойын» іні Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсында (Бекежанның ариясы) пайдаланылады. Әндерін Қ. Байбосынов, Ж. Кәрменов т.б. әншілер орындайды. Иманжүсіптің әндері мен өлеңдері ел аузында сақталған.

Әдебиеттер:

Ақышев З. Иманжүсіп: Роман. Түзетіліп, толықтырылып екінші басылуы. - Алматы, «Жібек жол», 2003. - 416 б.

Жеті ғасыр жырлайды. Екі томдық: ХІҮ ғасырдан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары / құраст. Е.Дүйсенбайұлы, суретші Т.Мұқатов. - Алматы: Жазушы - Т.1: ХІҮ ғасырдан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. - 400 б.; Т.2: ХІҮ ғасырдан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. - 2008. - 528 б.

Иманжүсіп Құтпанов // Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды). 2 т. - Алматы, 1991. - 2т. - 315 - 320 б.

Иманжүсіп Құтпанов // Бес ғасыр жырлайды. - 2 т. Алматы, 1989. - 315 - 319 б.

Иманжүсіп Құтпанов. - «ЭКО» ҒӨФ, 2003. - 158 б.

Иманжүсіп Қ. Өлеңдер // Қазақ поэзиясының антологиясы. - Алматы, 1992. - 148 - 153 б.

Иманжүсіп Құтпанұлы // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия. - 4 т. - Алматы, 1989. - 4 т. - 276 б.

Құтпанұлы Иманжүсіптің туғанына 140 жыл // Павлодар облысында 2003 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер: Өдебиеттер көрсеткіші. - Павлодар, 2002. - 60-61 б.

Иманжүсіп Құтпанұлы

**Қыран едім, қор болдым торға түсіп,
Аспаныма шығармын бір күн ұшып.
Бар қатыны қазақтың ұл тапса да,
Бірі де бола алмайды Иманжүсіп!**

Қатпарлы қалың әдебиетімізді жасаушылар – көмейіне көрікті ой құйылған дархан даламыздың дарабоз дарындары мен тума таланттары қай заманда да дәріптелері сөзсіз. Біз сөз еткелі отырған сал-серілер поэзиясының алып өкілдерінің бірі – Иманжүсіп Құтпанұлының да өлшеулі өмірінде тағдырдың небір теперіштерін көріп, әділетсіздікке жан-дүниесімен қарсы боп өткен ірі ақын, арқалы әнші, ұлы өнердің тұғыры биік тұлғасы екендігін ешкім де жоққа шығара алмайды. Бүгінгі менің шағын зерттеу еңбегім де Иманжүсіп бабамыздың өмір жолы, артына аманат қып қалдырып кеткен өлшеусіз өнері, шыңға өрлеген шығармашылығы хақында болмақ.

Иманжүсіпті дүниеге әкелген өлке – батысынан шығысына шарықтаса қыран құстың қанаты талатын ұланғайыр қазақ даласының солтүстік өңірі, дәлірек айтқанда, қазіргі Кереку топырағы. 1863 жылы жарық жаһан есігін айқара ашқан ақын 1931 жылдың 2 наурызында жалған жаланың құрбаны болып дүниеден озады.

“Иманжүсіп бала кезінен музыкаға жақын болған. Келе-келе қолына домбыра алып, сал-сері деген атқа ие болады. Осы уақытта өзі шығарған “Ерейментау”, “Сарымойын”, “Сарыарқа”, “Сейіп Мәлік”, “Әкем – Құтпан”, “Сарыбел” деген әндері қалың елдің арасына кеңінен тарайды. Иманжүсіп сол кездегі әншілер сияқты әнін де, сөзін де өзі шығарған. Тек қана сауық-сайран құрып жүрмей, елінің қамын ойлап, отаршылдарға қарсылығын ашық білдіріп отырды. Ол кісі батыр тұлғалы, бойының биіктігі 2 м. 10 см. болған деседі. Ең алғаш 1904-1906 жылдары ұсталып, Өскемендегі абақтыға айдалады. Мерзімін өтеп шыққан соң Ақмоланың губернаторы Иманжүсіптен қаймығып, Лепсі уезіне қоныс аудартқызады. Патша тақтан құлап, кеңес өкіметі орнап, кейін сталиндік зұлматта да, ашаршылық жылдарында да халықтың сойылын соғып, белсенділерге ұнамай жүреді.

Мойынқұм көтерілісіне қатысты деп 1931 жылы репрессияға ұшырайды. Содан 1960жылы ақталып, 1972жылы Иманжүсіп әндері деген пластинкасы шығады. 1990жылы тағы да ақталады. Әндерінің көбінің сөздері жоғалған” деген дерек береді Иманжүсіптің немересі Раушан Көшенова.

Иманжүсіп текті тұқымнан. Ата- бабасы Сыр елінің көсемі, батыры болған екен. Оның ұлы атасы Тұрғанбай датқа Сіргебайұлы Түркістанды билепті. Қоқан хандығының езгісіне көнбей шайқасып, сол күрес үстінде мерт болыпты. Өз әкесі – Құтпан (Баймырза) Кенесары – Наурызбай бастаған ұлт-азаттық қозғалысының жаужүрек ерлерінің бірі болған. Ақыр соңында Жетісуға жер аударылып, ұзақ жасап, айдауда жүріп өледі.

Бұл жайында серінің өзі былай дейді:

Әкем – Құтпан болғанда, ағам – Шоңай,
Кісі емеспіз біз шыққан жерден оңай.
Атшабарын болыстың сабаушы едім,

Аяғын байлап тастап қойдан да оңай.

Иманжүсіп үш ағайынды екен. Ағалары Ақшабай мен Шоңай елге белгілі, дәулетті кісілер болған. Иманжүсіптің анасының аты Үміш(Ұрқия), арғынның бәсентиін руынан.

Иманжүсіптің ата тегі.

(Бұл мәлімет Оразбек Сәрсенбайдың «Иманжүсіп» еңбегінен алынды):

Қыпшақ – Қарақыпшақ – Торы – Шапты (Айдарғазы, Бошай, Шағыр, Шегір, Байсары, Малай, Құтым) – Құтым – Қожамқар – Қожақ – Қазанқап – Кеншімбай – Сіргебай - Тұрғанбай датқа(Басықара, Баймырза, Қойлыбай) – Құтпан(Ақшабай, Шоңай, ИМАНЖҮСІП)

Заманы жүріп тұрған кезінде сері бабамыздың атағы алты алты алашқа тараған.

Мен елімде жүргенде жұрттан астым,

Менменсіген талайдың көңілін бастым.

Жаныма ерген жігітке олжа салып,

Бір ауылдың сегіз қызын алып қаштым,

Мен қалайша жалғанда тұрақтайын

Өрт тиіп лаулап жанған құрақтайын?

Аузы түкті кәпірдің талайларын,

*Бақыртып бауыздаушы ем лақтайын-
деуі де сондықтан.*

Бала шағында басынан сөз асырмай, ерке өскен серінің аты жас кезінде-ақ күллі қазаққа мәлім болады. Иманжүсіп өз өмірінде талай қудалауға ұшырағаны жөнінде жоғарыда айтылды. Оның шыншыл мінезі, өр тұлғасы, момын халықтың мұң-мұқтажын айтуы әсте, билік тізгініндегілерге ұнамайды. Ел арасындағы даулы мәселелерді қазақ халқын аяққа таптағысы келген алпауыт Ресей империясының шығарған заңдарымен емес, ғасырлар бойы қалыптасқан даланың халықтың жүрегінде сақталған заңдарымен шешіп, шынжыр балақ, шұбар төс шонжарларға қайсарлықпен қарсы шығады. Қай кезде де әділеттің ақ туын жүрегіне желеу еткен ол әлсіздердің жел жағына пана болып, Ресейдің сойылын соққан шекпенділерді қалың жұрттың көзінше соққыға жыққан деседі. Дегенмен де, көп нәрсені ақыл таразысымен шешетін сері өз өмірінде елдің сөзін сөйлеп өтеді.

Иманжүсіп өмірін сөз еткенде Рақымжан есімі ойға оралады. Деректерде

Рақымжан бір кездері Иманжүсіптің досы болған, кейін сайлауға түскен соң араздасып кеткен болыс ретінде көрінеді. Ал, Оразбек Сәрсенбаев еңбегінде

Рақымжан мүлдем басқаша кейінде көрсетіледі. Сөзбе-сөз оқып көрейік:

«Рақымжан Жайықбаевтың қиянатшылдығы да кісі таңғаларлықтай. Ол әуелі үйез бастығының қолдауымен отыз екі жастағы жігіт ағасын «жасы толмаған» деген қисынсыз сылтаумен болыс сайлауына қатыстырмай қояды. Егер

Иманжүсіп сайлауға қатысса, ел ішінде атышулы беделді азаматтың басым түсуі әбден мүмкін еді. Әрі оның екі ағасы да қарапайым қатардағы шаруалар емес. Олар інілерін бақталасына қосқанда барын салғаны белгілі. Бірақ бәрібір ұлықтардың аузын алып қойған Рақымжан бұл жолы Тұрғанбай датқаның әулетін жеңіп шығады. Жеңіп шығып қана қоймайды, жеңілген Иманжүсіптің соңына бұдан былай шырақ алып түседі.»

Меніңше, соңғы дерек шындыққа көбірек жанасатын сияқты. Өйткені, бір жылдары арасынан қыл өтпейтін дос болған Рақымжандай бір елдің тұтқасының айдаладағы өсекке еріп, серіге қастандық жасауы ақылға симайын іс. Иманжүсіптей ардақтымыздың да бір кездері болыспен дос болған жағдайында жел сөзге лепіріп сайлауға түсуі де дәйексіз. Сыйлас адамдар болған болса Иманжүсіп:

Сиынамын сақта деп құрған тордан,

Сен аянба Рақымжан, келсе қолдан

Сеніменен жараймын айқасуға

Алады бұл бәйгені ойы озған,-демес еді.

Қазақтың белгілі аталарының ұрпақ-тарының қырқысы орыс ұлықтарына тиімді еді. Енді, олар үкіметтің заң-заңына пысқырмайтын дала серісін бір-жолата құртудың қамына батыл кіріседі.

Сол кездегі уезд бастығы неше түрлі жала жауып, арыздың үстіне арыз жаздырып Иманжүсіпті ұстау үшін арнайы жасақ шығарып, тұтқынға алып, Ақмолаға әкеліп қамайды. Алайда, Иманжүсіптің ағалары Ақшабай мен Шонай ұлықтарға арыз түсіріп, бар даулы мәселені билер сотымен шешуді талап етеді. Билер сотының талқысына түскен Иманжүсіп бұл жолғы пәледен тағы да құтылып кетеді.

Бостандыққа шыққан Иманжүсіп соңына түскен адамдардың малдарын айдап әкетіп, қарсылық көрсеткендерінің басын жарып, жауларына қырғидай тиеді. Иманжүсіптің «баукеспе,ұры» деген атағы да менің ойымша осы кезге байланысты айтылса керек. Өйткені, халықтың сөзін сөйлеген серінің қарапайым бұқараның малын шаппайтыны белгілі.

Ел ішіндегі даулы оқиғалар ушығып бара жатқан соң Ақмола уезінің бастығы Омбының әскери губернаторының атына (1898 жылдың 1 қазанында) рапорт жазуға мәжбүр болады. Жазған рапортында Иманжүсіпке: “На первых же днях вступление моего в управление Акмолинским уездом (1893г.) вырисовывались весьма неблагонадежность киргиза Акмолински волости - Иман-Джусупа Кутпанова... Проживая в 25 верст от гор. Акмолинска у самого селение Александровского, им обкрадено поголовно и последнее, а путь между Акмолинском и Александровском стал не проезжим от вооруженных на-падений Иман -Джусупа, разбойничие действия и личность которого в устах всего русского, так и туземного население стали легендарными” деп сипаттама береді. Сонымен бірге ол өзінің шағым-рапортында Иманжүсіптің өмір тарихына сипаттама бере кетіп, оған жаны ашып, қолдау көрсетіп жүрген бірқатар орыс шеңнеу-ніктерінің де аты-жөнін жіпке тізгендей қылып көрсетеді.

Иманжүсіптің Ақмо-ланы былай қойып, Павлодар, Қар-қаралы уездері аймағындағы қазақтар мен орыстарға танымал, әрі беделді екенін қинала да қынжыла отырып баяндайды.

Міне, осыдан кейін Иманжүсіпті тұтқындау үшін арнайы жазалаушы отряд шығарылғанымен, олар дала ноянын қолға түсіре алмайды. Ызаға булыққан

жазалаушы отряд әлденеше рет батырдың ауылын шауып, қартайған әке-шешесі мен бала-шағасын соққыға жығып, ағасы Ақшабайдың 200-ден астам жылқысын айдап алып кетеді. Ақыры ұлықтар Мәтіннің Шәрібі деген болыстың жәрдемімен Иманжүсіпті қапылыста қолға түсіреді. Сөйтіп, қиянатшыл заманның жаласына ұшыраған Иманжүсіп Өскемен уезіне бес жылға жер аударылады.

Жабылып тұр ұлықтан жала маған,

Көре алмаған көп дұшпан табалаған.

Ақмешіттің барғанда базарына

Орыс, қазақ көрем деп қамалаған.

... Сарысуды ауылым жанай қонған

Әкем – Құтпан, ағайым – Шоңай болған

Қазы, қарта әкелсе жемеуші едім,

Түрменің қара наны балдай болған, -деп ашынатын тұсы осы шама болса керек.

Ал құлан далада құлдыраңдаған есіл ерді торға түсірген Мәтіннің Шәрібі деген кім? Сері мен арасындағы қарым-қатынас қандай болды? Осы төңіректе бірер сөз.

Иманжүсіп болыстар мен оязбен сілкілесіп жүргенде оны өзі дос деп санайтын Мәтіннің Шәрібі дейтін болыс ауылына шақырып, ән салдырып, еркелетіп, сыйлап жүреді. Сыйластық арты араларынан қыл өтпейтін үлкен достыққа ұласады.

Сол Шәріп бір жолы Ақмола еліне белгілі өңшең бір ығай мен сығай игі жақсыларды қонақ етіп Иманжүсіпті ардақтап, сыйлап бағады. Ән десе ет жүрегі елжіреп, арқасы қозған қазақпыз ғой, сол тойда кең тынысты сері ән бұлағын ағыл-тегіл ағызады-ай келіп. Ән арқылы наз-нала сірескен кеудесін босатады. Дуылдасқан мерейлі топқа масайраған Шәріп « Батыр, көрдің бе, бұл үйде кімдер отыр? » дейді. Сонда ет қызуын баса алмай асқақтаған Иманжүсіп: «Е, Шәріп, бұл шіркіндер менің әнімді тыңдауға келіпті» депті. Кейін қуғында жүрген серіні осы ескі досы Шәріп өз ауылында ұстатып береді. Сары далада сылаңдап сағымдай бұлдырап жүрген әнші осылайшы қапылыста қолға түседі «Жапалақ жалпылдайды жар басында» деп басталатын шумақтары осы оқиғаға байланысты туса керек:

Жапалақ жалпылдайды жар басында,

Немене жоқтың күні бар қасында

Дос болып қас қылғаннан сақта Құдай

Қасқыр да қас қылмайды жолдасына.

Ер емес, қатын екен болыс Шәріп,

Мен болдым осы күнде тірі гаріп

Бір арыз гүбірнаға жіберіп ем,

Білмеймін не боларын арты барып.

Ақмола мен Кереку төңірегіндегі шонжарлардың шырқын бұзған қайран ер осылайша қолға түседі. Темір торлы абақтыда еркін дүниені бір көруге зар болған Иманжүсіп:

Күнім қайда баяғы таңдай атқан?

Қараөткелдің көшесін дабырлатқан.

Бидайықтай ілуші ем аққу, қазды,

Жарқанат болғаным ба бұғып жатқан?

Нем бар еді иесіз шөлге барып?

Нем бар еді иесіз көлге барып?

*Айдауменен барамын амалым жоқ,
Ақ сауыт пен ақбоз ат үйде қалып,-дейді.*

Қалай болғанда да содыр саясат өз дегенін істеп Иманжүсіп 1931 жылы 2 наурызда Тараз абақтысында атылады. 1960 жылы 13 ақпанда Жамбыл облыстық прокуроры наразылық білдіріп, облыстық сот Иманжүсіптің тергеу ісін қарады. Сөйтіп оның қылмыстық әрекеті толық дәлелденбеген деп қылмыстық істі қысқартты. 1992 жылы 25 маусымда Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы Иманжүсіп ісін қайта қараған. Нәтижесі бойынша жазылған анықтамада былай делінген:

«...нет данных о существовании самой банды. Какое население пострадало от этого, непонятно. Нет никаких сведений о вооруженном восстании, а также участии в них обвиняемых. Но даже если они и участвовали, то и тогда подлежат оправданию, ибо такие действия со стороны осужденных было вызвано незаконными действиями представителей Советской власти (незаконная конфискация, ссылка и т.д.). В этой связи считать их реабилитированными. Прокурор управления по надзору за законностью судебных актов Прокуратуры КазССР»

Әділет үшін алысқан жеке батырдың аты аңызға айналып, атақ-даңқы мен қысылған қиын шақтарда жүрегін жарып шыққан әндері қазақ даласын шарлап кетті. Туған жердің топырағын аңсаған ақын:

*Зая кетті дұшпанға қылған ерлік,
Жасап едім жасымнан көп есерлік.*

*«Мың асқанға бір тосқан» деген сөз бар,
Соның бәрі ақыры көзбен көрдік.*

*Ішім өлген, дүние-ай, құр сыртым сау,
Маған десең, көз жасым, жаңбыр боп жау.*

*Бүркіт салып басыңа шығар ма едім
Бір көрінші көзіме, Ерейментау?*

*Несібемді жазған екен менің түзден,
Қойыпты күдер үзіп ел-жұрт бізден.*

*Қайран ел, оқта-текте еске түссең,
Жасымды тия алмаймын екі көзден,-дейді.*

Ақтау мен Ортауды, Бұғылы мен Тағылыны шарлап жүріп армансыз жастық дәуренін құрған ол:

*Абылай аспас Арқаның сары белі,
Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі.*

*Қырық мың жылқы су ішсе лайланбас
Нияздың Аюлы мен Қара көлі.*

*Көлденеңдеп Сарысу, аққан Нұра,
Даланы тілгілеген қанша жыра.*

*Сарыарқаның сыңсиды ен даласы,
Шөбі болған закускам, суың сара.- деп тебіренеді.*

Иманжүсіп өлеңдері жалпы сал-серілер өлеңдерінің үлгісімен жазылған. Кей өлеңдерінде Абай поэзиясының ықпалы қылаң береді. Абай:

Ішім өлген, сыртым сау

Мен не қылдым, япырмау?-деп зарланса, Иманжүсіп:

Ішім өлген, дүние-ай, құр сыртым сау,

Маған десең, көз жасым, жаңбыр боп жау- дейді.

Сондай-ақ,
Сарыарқаның сыңсиды ен даласы,
Шөбі болған закускам, суың сыра,- деген жолдар сол кездегі орыс тілінің қазақ жеріне еніп жатқанының куәсі бола алады. Иманжүсіп шығармашылығында да басқа сал-серілердің бәріне тән өз-өзін асқақтата жырлау дәстүрі кең өріс алған: Қыран едім, қор болдым торға түсіп,
Аспаныма шығармын бір күн ұшып
Мың қатыны қазақтың ұл тапса да
Бірі де бола алмайды Иманжүсіп,- дейді есіл ер. Және Иманжүсіп өз өлеңдерінде теңеу тәсілін көп пайдаланған.
Мен қалайша жалғанда тұрақтайын,
Өрт тиіп лаулап жанған құрақтаймын...
Немесе,
Тоғыз жасар Дәулетхан жетім қалды,
Тірі жүрген қасқырдың баласындай,- деп өзін лаулаған өртке, көкжал қасқырға теңейді.
Жалпы алғанда, Иманжүсіп шығармашылығы бір күнде айтып тауысатын дүние емес. Иманжүсіп болмысы бір парақпен дараланатын болмыс емес. Иманжүсіптің басқа серілерден өзгешелігі де ақындығына, әншілігіне, балуандығына қоса мінезінің өрлілігінде, өткірлігінде. Ол қазақтың азаттығы үшін арпалысып өткен әулеттің бір бұтағы болған. Сатқындық пен опасыздықты, әділетсіздік пен қуғындауды көп көрген. Сонда да қайыспай, бәзбіреулер секілді биліктің сойылын соққан жандайшап, қолиоқпар болмаған. Сол үшін де Иманжүсіп тұлғасы барынша дара.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бәкірұлы Ә. Иманжүсіп. Сыр бойы 2006, // 8 шілде 3б.
2. Бес ғасыр жырлайды 2 том
3. Елтай Н. Иманжүсіп ақын. Сыр бойы 2000, 29тамыз, 4б.
4. Жақанов И. Иманжүсіп әндерінің тағдыры. Жұлдыз 2000ж. 2 109-124 б.
5. Егемен Қазақстан 2002, 17сәуір 4б.
6. Егемен Қазақстан 2006, № 16,17
7. Жұмаханұлы Н. Жігіттің серісі – Иманжүсіп. Қазақ әдебиеті 2000ж. 14 мамыр 6б.
8. Иманжүсіп Абақтының іші тар темірленген. Өлеңдер. Жұлдыз 1993ж. 204-206б.

Ішім өлген, дүние-ай, құр сыртым сау,
Маған десең, көз жасым, жаңбыр боп жау.
Бүркіт салып басыңа шығар ма едім,
Көзіме бір көрінші Ерейментау.
Несібемді жазған екен менің түзден,
Қойыпты күдер үзіп ел-жұрт бізден.
Қайран ел, оқта-текте еске түссең,
Жасымды тыя алмаймын екі көзден.

Иманжүсіп.

Қазақ халқында "Алмас қылыш қап түбінде жатпайды" деген тамаша бір сөз бар. Ең даланы еркін жайлаған халқымыз бес ғасыр бойы ат үстінен түспей, жаугершілік заманды бастан кешірді. Қос бүйірден аждаһадай ысқырынған қытай мен аюдай ақырған орыс қысқанда, лажсыздан соңғысының қолтығына кіріп, бодан болды. Қала берді кешегі кеңестік дәуірде қитұрқы қызыл идеологияның құрсауына түсіп, жетпіс жыл бойы ұлттық құндылықтарын, тілін, ділін, қасиетті дінін сақтап қалу жолында жанкештілікпен арпалысты. Жылжып жылдар өтті. Қайта оралудың ұлы кезеңі туды. Барымызды түгендеп, жоғымызды жоқтай бастадық. Нәтижесінде, тәуелсіз еліміздің аспанында ояну дәуірі атанған кезеңде өз халқына барын арнаған, сол жолда жандарын пидә еткен асыл тұлғаларымыздың үлкен бір шоқ жұлдыздары қайтадан жарқырай көрінді. Солардың бірі де бірегейі, қатал да қатыгез тағдырдың ноқтасына басы сыймай өткен, заманында қазақ даласына атағы кең жайылған атақты да қас батырлардың бірі – Иманжүсіп Құтпанұлы.

Елінің азаттығы үшін арпалысып өткен Иманжүсіп бабамызды Арқа мен Сыр өңірінің телқоңыр перзенті десек, артық айтқандық емес. Иманжүсіп Құтпанұлы Қоқан хандығына қарсы азаттық күресте қазақтардың көсемі ретінде танылған Тұрғанбай датқаның немересі болғанымен, пешенесіне ерекше тағдыр бұйырып, Арқа топырағына кіндігімен байлануының өзі жатқан бір үлкен тарих.

Иманжүсіптің атасы Тұрғанбай датқа жайлы әңгімеде айтылғанындай, 1821 жылғы қанды оқиғадан кейін, Шашты қыпшақтың Құтым тармағынан тарайтын Сіргебай әулетіне бірі қалмай құрып кету қаупі төнгені белгілі. Осы қауіпті сезген Тұрғанбай датқаның әйелі Мәлике бір жасар ұлы Баймырза мен Тұрғанбайдың бес жасар інісі Басықараны алып қашып, Қаратаудың Өгізмүйіс деген жерін паналайды. Екі баламен алысқа ұзай алмасын сезген соң өз ұлы Баймырзаны тасалау жерге жасырып, қайнысы Басықараны ертіп, Арқаға бет алады. Айдалада жасырылған, мойнында аманат белгісі бар шиттей жас баланы Қыр мен Сырдың арасына жиі қатынап жүрген керуеншілер ішіндегі Дайрабай есімді саудагер тауып алады.

– Қапыда тауып алған бала еді, әулетімнің құты болсын деп атын Құтпан қояды. Кейін Ыбырай Жайықбайұлы Қараөткелдің (Ақмоланың) аға сұлтаны болып сайланған тұста Құтпан Есіл бойына қоныс аударып, Күйгенжар деген жерді мекендеп тұрып қалады. Сөз орайы келгенде айта кетуіміз керек, осы Күйгенжар маңында (Астана қаласынан 40-50 шақырымдай жерде) оның

баласы Иманжүсіптің өз қолымен еккен емен ағашы әлі бар. Көлеңкесіне жиырма шақты адам алқақотан отырса сыйып кететін бәйтеректің саясында бертінге дейін ел ағалары мен ауыл ақсақалдары жиналып, талай маңызды мәселелерді шешіпті деседі. Баймырзаны асырап алған Дайрабай Кенесары ханға қосылып, қанды шайқастардың бірінде қаза табады. Уақыт өте келе Тұрғанбайдың ағайындары өз кіндіктерінен тараған ұрпақтарын сұрастыра жүріп, Торғай маңындағы Дайрабайдың Ерәлі Шоқай деген құрдасынан мойнында аманат белгісі бар бала табылғанын естіп, Баймырзаны іздеп келіп тауып алады. (Кезінде кей аймақтарда ел басына қысылтаяң кезең туғанда белгілі бір әулеттің ұрпағын аман сақтап қалу үшін шыққан тегін білдіретін хат немесе ерекше таңбасы бар аманат белгісін жас сәбидің мойнына тағып немесе іліп кететін дәстүр болған деседі). Алайда, бұл кезде ержетіп, азаматтық жасқа келіп қалған Баймырза – Құтпан Есіл бойына тұрақтап, Арқада қалып қояды.

Ел ішіндегі әңгімелерге қарағанда, ат жалын тартып мінген тұста өкіл әкесі Дайрабаймен бірге Кенесары ханның бірнеше жорықтарына қатысады. Осы жорықтарда ол мергендігімен, көзсіз батырлығымен атағы шығады. Талай ерлік істері, әсіресе, Жеке батыр, Ерқұлан есімді батырлармен бірге Ақмола бекінісінің қорған-қоршауынан атпен секіріп кіріп, солдаттармен ұрыс салуы ел ішінде аңызға айналады. Ел ішінде сақталған кейбір дерек көздерінде Ерқұлан – Мөңке әулетінен тарайтын Жиенбайдың Опанынан тарайды деген пікір айтылады. Опанның Ерқұланы мен Кенесары замандас болғанымен, нақтылы сол кісі ме әлде басқа адам ба, ол жағы белгісіз, дәл анықталмады. Ал Жеке батырдың шын есімі аталмағандықтан, мүлде ұмытылған. Сөйтіп, сол кездегі жас пері, жойқын күштің иесі Кенесары ханның сүйікті жауынгеріне айналып, Құтпан батыр атанады. Осындай көзсіз ерліктерімен аты шыққан, есімі Арқа өңірінде аңызға айналған Құтпан Жетісуда, Лепсі уезінде (Қапалда) айдауда жүріп, 1914 жылы қайтыс болады. Сүйегі Қарасу маңындағы Сыйқымбай қажы қорымында жатыр деседі.

Елінің азаттығы үшін алысып өткен әулеттің аты аңызға айналған үшінші ұрпағы, Тұрғанбай батырдың немересі, Құтпаннан тараған үш ұлдың ең кенжесі – Иманжүсіп. Тарихи құжаттарда қазіргі Павлодар облысының Ақсу ауданындағы Алтыбай деген жерде дүниеге келгендігі көрсетілген. Иманжүсіптің ағалары – Ақшабай мен Шонай төңірегіндегі елге белгілі, беделді де дәулетті кісілер болған. Содан да болар, Иманжүсіп бала жасынан ерке, шолжың, айтқанынан қайтпайтын бірбеткей, телі-тентектеу болып өседі. Ат жалын тартып мінгеннен-ақ басынан сөз асырмайтын жас жігіттің атағы Сарыарқаға тез тарайды. Тәңірі жұрттан асқан қайрат берген алмастай өткір жігіт Арқаның кең даласына сыймай, Есіл, Нұра бойын жайлаған арғын, қыпшақтың сері серкесіне айналады. Батырлық, балуандығына қоса әншілік қабілеті бар сегіз қырлы, бір сырлы жігіт Ақтау мен Ортауды, Бұғылы мен Тағылыны еркін шарлап, жастық дәуренін армансыз өткізеді. Бірақ ер көңілді жігіттің бейбіт өмірдегі бұл дәурені ұзаққа созылмайды.

...Мен елімде жүргенде жұрттан астым,
Менменсіген талайдың көңілін бастым,

Жаныма ерген жігітке олжа салып,
Бір түнде сегіз қызды алып қаштым.

Менде дұшпан көп еді қамалаған,
Иттей болып, барлығы абалаған.
Кіргенде Қараөткелдің базарына,
Қызық көріп қазақ, орыс жағалаған.

Мен қалайша жалғанда тұрақтайын,
Өрт тиіп лаулап жанған құрақтайын?
Аузы түкті кәпірдің талайларын,

Бақыртып бауыздаушы ем лақтайын, – деп өз өлеңінде айтқандай, шенді-шекпенді шенеуніктерге, би-болыстарға шекесінен қарауы, ең алдымен, билік басындағы орыстарға ұнамайды. Иманжүсіп осы жайды жақсы білсе де, ел басқарған қазақтың би-болыстарын мазақ етіп, сөзін құлаққа ілмей: "Сендер біздің қол астымыздағы бодан халықсыңдар, не істесек те өзіміз білеміз" деген ойларын емеурінмен емес, ашық білдіріп, қазақтарға ойына келгенін жасап жүрген орыс шенеуніктеріне ашықтан-ашық қарсы шығады. Ресей империясының сол кездегі шешімдеріне, сот үкімдеріне құлақ аспай, бар даулы мәселені дала заңымен шешіп, оған көнбегендерді ақ білектің күшімен, дойыр қамшының ұшымен бағындыруға тырысады. Маған не қыласыңдар дегендей, қорланғандар мен қорсынғандарды қасына жинап, олардың күштілерде кеткен есесін берсе қолынан, бермесе жолынан деп талай мәрте қайтарып әпереді. Кеудесіне нан пісіп, қара қазақты менсінбеген кейбір әумесерлердің жағасын жыртып, жұрт көзінше сабаған кездері де болыпты.

Кейбір мәселелерді білек күшіне салып шешкенімен, соншалықты қиянатқа бармайды екен. Оған ақмолалық ақсақал Теміртас Әубәкіровтің қазіргі Александровка ауылының тұрғындары Павло Пересыпкин мен Иван Ткаченконың аузынан естіген мына бір әңгімесі толық дәлел.

Иманжүсіптің Күйгенжарда отырған ауыл-әулеті бай-қуатты болыпты. Дәулетті ауылмен қоңсы қонған орыс мұжықтары қазақтардан егін салып, жер жырту үшін ат алып, ақысына бидай беріп отырады екен. Уақыт өте келе мұжықтар қазақтардың қыстаулық жерлеріне егін салып, уақытша жалға алған жылқыларын қайтарып бермей, әлімжеттік жасайды. Алған малдарды қайтарып беруді сұраған қазақ жігіттерін соққыға жығады.

Иманжүсіп қазақтарға әлімжеттік жасап жүрген орыстардың екі жігітін село тұрғындарының көзінше аттарынан аударып түсіріп, байлап-матап, өңгеріп алып кетеді. Екі жігітін қайтарып алу үшін келген орыстарға: "Жігіттерің дін аман, қылшығы да қисайған жоқ. Қыстаулық жерімізді босатып, жалға алған жылқыларымызды қайтарып берсеңдер ғана жігіттеріңді кейін қайтарамын", – деп шарт қояды. Жасалған жүгенсіздіктің өздерінің тарапынан болғанын түсінген село басшылары сөзге келместен басып алған жерлерін босатып, жылқыларын түгелдей қайтарып береді. Кейін аттан аударып түсірген екі жігіт те өз қателіктерін түсініп,

Иманжүсіппен араларынан қыл өтпейтіндей дос болып кетеді. (Дәл осы оқиға жөніндегі Теміртас ақсақалдың естелігі батырдың немересі Раушан Көшенованың "Иманжүсіп" атты кітабында жан-жақты әрі толық баяндалған. Алматы. Қайнар, 2001 ж.).

Шынында да Иманжүсіп – сол кездегі патша өкіметінің заңдылық тәртіптерін белден басып, өзінше есеп айырысып кек алғаны болмаса, жөнсіз іске ешқашан да бармаған адам. Оған Ақмола қаласының байырғы тұрғыны, ұзақ жылдар басшылық қызмет атқарып, 90 жастан асып дүниеден өткен Зәки Ғайнутдиновтің мына бір әңгімесі тағы да толық дәлел болады.

...Атақты Қараөткел жәрменкесі қызу жүріп жатқан тұста, қандықол казактар сыныққа сылтау іздеп, қазақ ауылдарын қан қақсатады. Тіпті, бірнеше рет кісі өлімі болса керек. Құтырынған әумесерлерге жергілікті билік ешқандай тыйым салмайды. Тіпті ояздың өзі арыз-шағыммен келген ауыл қазақтарының сөзін құлағына ілмей, елдің көзінше мазақ қылады. Мына оқиғаға Иманжүсіп қатты ашуланып, қаһарына мінеді. Жәбірленген қазақтардың кегін алмақшы болып атына ер салып жатқанында, әлдебіреулер: "Қараөткел базарына қазақ сал-серілерінің өнерін тамашалау үшін ояз келеді екен" деген хабарды жеткізеді. Мына хабар құлағына тиісімен салып-ұрып Иманжүсіп те келеді. Атақты Уәлидің Майрасының тамылжыта салған бұлбұл дауысына (басқа бір әнші болуы мүмкін, ел ішінде ояздың көзінше ән салған Майра деп айтылады) тәнті болған ояз биік сахнаға көтеріліп, Майраның қолын сүйіп, құрмет көрсетеді.

Оңтайлы сәтті күтіп тұрған Иманжүсіп ояздың жанына қалың топты бұзып-жарып жетіп келеді.

– Әй, ояз! Сұлуымыздың қолын сүйдің, енді менің арызымды тыңда, – деп болған оқиғаны тайсалмай айтып береді.

– Бұл кім өзі? – дейді ояз қасын-дағыларға бұрылып.

– Белгілі барымташы, ұры – Иманжүсіп осы, – дейді қазақ байшікештерінің бірі.

– А, вот в чем дело! Тебя дорогой, слушать не обязательно, надо судить, – деп биік сахна мінберінен түсуге бет алады.

Қаны басына шауып, ашуға булыққан Иманжүсіп оязды жағадан ала түсіп, жақтан тартып-тартып жібереді. Оққағар міндетін атқарып жүрген солдаттар зорға айырып алады. Жиырма-шақты солдатты маса құрлы көрмей жан-жаққа лақтырған Иманжүсіп оқиға болған жерден кетіп қалады.

Сол секілді мына бір оқиға да Иманжүсіптің қазақ сахарасының Робин Гуді болғанын айғақтай түскендей.

Ақмолада Ресейдің шалғай түкпірінен алғашқылардың бірі болып келген Андрей атты көпес болыпты. Жұмыртқадан жүн қырқатын әлгі сараң, Ресейге кіре айдау үшін қаланың қара табан қазақтары мен татарларын жалдайды екен. Бірақ, жалшылардың табан ақы, маңдай терімен тапқан табысын әлдебір сылтау тауып, толық бермей мазақ қылады. Андрейдің үйі бұрынғы "Ақжапа" деп аталған дүкен-базардың қасында болыпты. Ақмолаға әлдеқалай келе қалған Иманжүсіп көпес үйінің тұсынан өтіп бара жатып, оның адал еңбегімен тапқан табысын сұрай келген бір татар жігітін

қамшының астына алып ұрып жатқанын байқап қалады. Мына сұмдықты көре сала батыр дереу араша түседі. Жалшысына араша түскен жанның даланың жас перісі Иманжүсіп екенін білмеген Андрей қамшысын батырға тура сілтесе керек. Алдына жан келіп көрмеген Имекең бұған шыдасын ба, қолындағы қамшысын тартып алып, көпестің өзін күдірейген желкесін орай екі-үш рет тартып-тартып жібереді. Қамшының ұшы көпестің көзіне тиіп, оң көзі ағып түседі.

Міне, осы оқиғаның соңы үлкен дауға айналады. Андрей Иманжүсіпті сотқа беріп, көзінің құнын даулайды. Алайда, даланың жас болса да қас батыры Иманжүсіпке Ақмоланың аға сұлтаны болған әйгілі Ыбырай Жайықбаевтың баласы Рахымжан болыс ара түсіп, батыр бұл жолғы пәледен тез құтылып кетеді. Елдегі көнекөз қарттардың айтуынша, сол жолы көпестің көзінің құнын Рахымжан өзі төлепті деседі.

– Қалың қазақтың намысын жыртып өткен Тұрғанбайдай датқа мен Баймырзадай асыл қазақтың тұяғын бір жолғы пәледен құтқара алмасам, менің болыстығымның құны қанша? – деген сөзді де Рахымжан алқалы бір жиында ел ақсақалдарына ашық айтыпты.

Міне, осы оқиғадан кейін қазақтың қос асыл азаматы бір-бірімен ұзақ уақыт айырылмастай дос болады. Тіпті қазақтың тағы бір жас перісі Қажымұқанмен тізе қосып, талай жорықтарға қатысқаны да қоспасыз шындық екен. Үшеуінің осы қылықтары мен жүріс-тұрыстары сол кездегі қазақ даласына билік жүргізіп тұрған орыс ұлықтары мен қазақ байшікештеріне ұнамайды. Аға сұлтан әулетінен шыққан Рахымжан болысты жөнге салу орыстарға соншалықты қиын шаруа емес еді. Өйткені, билік басындағы адам жоғары жақтың құзырында, заңнан аттап ешқайда кете алмайды. Ал Қажымұқан алып күш-қуаттың иесі, жүректі болғанымен, иіні жұмсақ, жаны таза, аузын ашса жүрегі көрінетін ақкөйлек жан. Мұндай адамдар әділдіктің жасампаздық құруын іштей қалағанымен, сол жолдағы айтыс-тартыс, текетіреске шорқақ. Ондай адамнан шенеуніктерге келер қауіп жоқ. Ал Иманжүсіптің жөні мүлде бөлек. Демек, даланың тентек серісі Иманжүсіп пен билікке жақын Рахымжанның арасы ашылса, орыс шенеуніктеріне төнген қауіп бұлты сейіледі. Осыны жақсы түсінген шенеуніктер қазақтың дәулетті байларын Иманжүсіпке айдап салып, оның сыртынан "ұры, басбұзар бұзақы" деген әдеттегідей қазақы ғайбатқа толы арыздарды қарша боратқызады.

Ол аз болғандай, Рахымжан болыс пен Иманжүсіптің арасын ашқысы келген кейбір алаяқ байлар екі араға от салудың небір қитұрқы түрлерін ойлап табады. Батырдың батылдығына басып, қаны қызған кезде алды-артын ойламай ұшқары істерге бара беретінін жақсы біліп алған кейбіреулер, ши шығарудың жолын қиналмай-ақ табады.

Қарқаралы маңының ұзын қыпшақ руынан шыққан Хасенәлі атты байдың баласы Айту молла тұқымы ішіндегі аға сұлтан Ыбырайдың үшінші ұлы Қошаның Іңкәр атты қызына ғашық болады. Бірақ, бесікте жатқанда басқа біреуге атастырып қойғандықтан, үлкендер жағы бірін бірі ұнатқан екі жастың қосылуына рұқсат бермейді. Ақыры Айту әкесі Хасенәлінің

айтуымен, қызды алып қашпақшы болып, Иманжүсіптен көмек сұрап, қолқа салады.

Жаныма ерген жігітке олжа салып,

Бір түнде сегіз қызды алып қаштым, – деп өзі жырлағандай, қосыла алмай жүрген талай ғашықтардың арманының орындалуына түрткі болған батыр, соңынан бір шидің шығарын білсе де, қиылып тұрған жігіттің көңілін қалдыра алмай қасына бірнеше жігіттерді ертіп атқа қонады.

Иманжүсіп бастаған топ қыздың ауылына келсе, уәделескендей қыз үйінде күтіп отырмай, алтыбақан басына кетіпті. Алтыбақанның қызығы таң атқанша жалғасатыны белгілі. Ал қыздың топтан сытылып, оңаша шығар түрі жоқ. Уақыт болса өтіп барады. Одан әрі күтуге шыдай алмаған Иманжүсіп аяқ астынан құйындата шауып келіп, қызды іліп ала жөнеледі. Мұндай әрекетті күтпеген ауыл жігіттері қапелімде сасып қалады.

Қызды алып қашқанын сезген ауыл жігіттері есін жинап, дереу атқа қонады. Бұл кезде қызды алдына өңгеріп алған Иманжүсіп пен Айту жігіттерді қуғыншылардың жолын бөгеуге қалдырып, өздері ұзап кеткен екен. Қуғыншылар сытыла қашқан топты көп уақыт өткізбей қуып жетеді. Қызынған жігіттер кездескен жерде айқаса кетеді. Айқас кезінде мылтық атылып, қуғыншылардың екі жігіті қаза табады.

Міне, осы оқиғаның соңы бітіспес үлкен дауға айналады. Сот кезінде Айту тобының жігіттері екі жігітті атқан Иманжүсіп деп, бар пәлені батырға жабады. Бірақ, Иманжүсіптің Рахымжанмен жақсы дос екенін білген

Молла тұқымының жігіттері батырға тікелей баруға бата алмай:

– Сенің жан жеткізбейтін қимас досың осылай істеді, – деп Рахымжанға барады. Иманжүсіп өзімен арадағы достықты жөнсіз іске пайдаланды деген ағайын сөзін көңіліне түйіп қалған Рахымжан батырға өкпелеп, екеуі қайырылмастай сөзге келіп, бірінің шамына бірі тиіп, қатты ренжіседі. Көп уақытқа дейін бір-біріне жоламай қояды. Басына төнген пәледен Иманжүсіп шектен тыс көп мөлшерде құн төлеп зорға құтылады. Жағдайдың бәрін сыртынан бақылап жүрген қазақ байшікештері Рахымжан "Басбұзар бұзақының қылығына тойып болдым" деп айтыпты деген сөзді Иманжүсіп естісін дегендей ел ішіне қасақана таратып жібереді.

Міне, осы оқиғалардың барлығы өткізілетін болыстық сайлауға тұспа-тұс келеді. Иманжүсіп тағы да мансапқой ағайындары мен жең ішінен жұдырық түйіп іштей жауығып жүрген кей алаяқтардың азғыруымен ел билеуге қыры жоқ болса да болыстық сайлауға түсіп, Рахымжанмен дауысқа таласпақ болады.

Қалың қара қазақтардың қамқоршысына айналып, ел ішінде беделі артқан Иманжүсіптен Рахымжан да сескенсе керек. Әрі Иманжүсіптің екі ағасының бірі – Ақшабай жылқылы бай, ал екінші ағасы – Шонай арғын, қыпшаққа танымал би болған адам. Сайлауға түсе қалса аяқ астынан Рахымжанды жеңіп кетуі де мүмкін еді. Осыны сезген Рахымжан уезд бастығының қолдауымен батырды "жасы толмаған" деп сайлауға қатыстырмай қояды.

Болыстың батырға деген көзқарасының өзгергенін көрген маңында жүрген жандайшаптар енді екеуін мүлде жақындастырмау ниетімен, Иманжүсіп "Менің сағымды сындыру үшін ұлықтардың алдында әділетсіздік жасады. Ендігі ісім Рахымжанмен болсын" дейтін көрінеді деп Рахымжанды шапқа түртіп, отқа май құюды үдете түседі. Осынау сайқал қылықтар санасына мықтап ұялаған болыс пендешілікке салынып, сайлауда жеңіп шыққанын қанағат тұтпай, Иманжүсіптің соңына шырақ алып түседі. Сөйтіп, Тұрғанбай датқа әулеті мен аға сұлтан Ыбырай әулетінің арасындағы ұзақ жылдарға созылған итжығыс тартысы басталады.

Қазақтың белгілі аталарының ұрпақтарының қырқысы орыс ұлықтарына тиімді еді. Енді, олар үкіметтің заң-законына пысқырмайтын дала серісін біржолата құртудың қамына батыл кіріседі.

Сол кездегі уезд бастығы ("Шаштылар" атты шежіре кітабында уезд бастығының фамилиясы Чулаков деп көрсетілген. "Қайнар баспасы, 2002 ж., 23-25-беттер.) неше түрлі жала жауып, арыздың үстіне арыз жаздырып Иманжүсіпті ұстау үшін арнайы жасақ шығарып, тұтқынға алып, Ақмолаға әкеліп қамайды. Алайда, Иманжүсіптің ағалары Ақшабай мен Шонай ұлықтарға арыз түсіріп, бар даулы мәселені билер сотымен шешуді талап етеді. Билер сотының талқысына түскен Иманжүсіп бұл жолғы пәледен тағы да құтылып кетеді.

Бостандыққа шыққан Иманжүсіп соңына түскен адамдардың малдарын айдап әкетіп, қарсылық көрсеткендерінің басын жарып, жауларына қырғидай тиеді. Ел ішіндегі даулы оқиғалар ушығып бара жатқан соң Ақмола уезінің бастығы Омбының әскери губернаторының атына (1898 жылдың 1 қазанында) рапорт жазуға мәжбүр болады. Жазған рапортында Иманжүсіпке: "На первых же днях вступление моего в управление Акмолинским уездом (1893г.) вырисовывались весьма неблагонадежность киргиза Акмолинской волости Иман-Джусупа Кутпанова... Проживая в 25 верст от гор. Акмолинска у самого селение Александровского, им обкрадено поголовно и последнее, а путь между Акмолинском и Александровском стал не проезжим от вооруженных нападений Иман-Джусупа, разбойничие действия и личность которого в устах всего русского, так и туземного население стали легендарными" деп сипаттама береді. (Шаштылар. Шежіре. Алматы. "Қайнар" баспасы, 2002 ж.).

Сонымен бірге ол өзінің шағым рапортында Иманжүсіптің өмір тарихына сипаттама бере кетіп, оған жаны ашып, қолдау көрсетіп жүрген бірқатар орыс шеңнеу-ніктерінің де аты-жөнін жіпке тізгендей қылып көрсетеді. Иманжүсіптің Ақмола-ланы былай қойып, Павлодар, Қар-қаралы уездері аймағындағы қазақтар мен орыстарға танымал, әрі беделді екенін қинала да қынжыла отырып баяндайды.

Міне, осыдан кейін Иманжүсіпті тұтқындау үшін арнайы жазалаушы отряд шығарылғанымен, олар дала ноянын қолға түсіре алмайды. Ызаға булыққан жазалаушы отряд әлденеше рет батырдың ауылын шауып, қартайған әке-шешесі мен бала-шағасын соққыға жығып, ағасы Ақшабайдың 200-ден астам жылқысын айдап алып кетеді. Ақыры ұлықтар Мәтіннің

Шәрібі деген болыстың жәрдемімен Иманжүсіпті қапылыста қолға түсіреді. Сөйтіп, қиянатшыл заманның жаласына ұшыраған Иманжүсіп Өскемен уезіне бес жылға жер аударылады.

Бір жағынан пендешілікке бой ұрған, екінші жағынан бақталастықтың уыты бойын билеген Рахымжан Иманжүсіппен қаншалықты текетіреске түсіп ерегіссе де, батырдың бес жылға жер аударылғанын естігенде қатты қынжылады. Ұзақ уақыт томаға тұйық күй кешіп жүріп, ақыры өз қолымен айдатып жіберген батырды, өзі ақтап алмақшы болып, Омбының әскери губернаторының атына және Петербордағы патша үкіметінің кеңсесіне хат жолдайды. Арада біраз уақыт өткеннен кейін патша үкіметі Рахымжанның Ресей мемлекетіне еңбегі сіңген аға сұлтанның баласы екенін ескеріп, өтінішін қанағаттандырып, Иманжүсіпті ақтау туралы үкім шығарады. Өкініштісі сол, қайтып келсе тағы да елге ылаң салып, қырсығы бізге тиеді деп арам ойлаған, батырға қырын қарап жүрген бір топ ағайын Иманжүсіптің ақталғаны туралы үкімді жасырып, бес жыл бойы батырға сездірмейді.

Әйтсе де, әділет үшін алысқан жеке батырдың аты аңызға айналып, атақ-даңқы мен қысылған қиын шақтарда жүрегін жарып шыққан әндері қазақ даласын шарлап кетеді. Иманжүсіптің осы дақпырты ата-бабасының елі Сыр бойына да жетеді. Тұрғанбай датқаның қалған әулеті мен сол аймақтағы қыпшақтың игі жақсылары бас қосып, Досбол шешеннің бел баласы Әуез арқылы айдаудағы Иманжүсіпке "Иманжүсіпке хат" деп аталатын әйгілі жазбаша сәлем хаттарын жолдайды. Шиеліден шыққан ағайындар айдаудағы батырға хатты апарып бергенде қайтпас қайсар, нар жігіт еңіреп тұрып жылаған екен.

Өз ағайындарының қырсығынан бес жыл ғұмырын айдауда босқа өткізсе де, Иманжүсіп бәрібір Есіл бойына қайтып оралады. Өзін Рахымжанның ақтап алғанын білмей өткен Иманжүсіп, келе тағы да Жайықбай әулетімен қырқысып, алыс-жұлысқа толы күндер басталады. Мойнына құрық түсіп, бала-шағасымен Лепсі уезіне жер аударылады. Бұл жолы ағасы Шонай да ұлықтардың қырына ілігіп, інісімен бірге айдалады. Сол кезде айықпас дертке шалдыққан екінші ағасы Ақшабай Арқада қалып қояды. 1915 жылы айдаудан босаған Иманжүсіп, екі жыл бұрын ағайын-жұртымен танысуға барғанда өзін хан тәрізді аспанға көтеріп қарсы алған Шиелідегі ағайындарының қасына көшіп кетеді.

Ғұмыр бойы қара қазақтың қамын жеген Иманжүсіптің қай аймақта жүрсе де, қоғамдық ортада болып жатқан оқиғалардан тысқары қалуы мүмкін емес еді. 1917, әйгілі жылан жылы, Сыр елі жұтқа ұшырап, еккен егін күйіп кетеді. Осы тұста Иманжүсіп ауқатты байлардан қаржы жинап, қасына қосын ертіп, бидай әкелу үшін Арқаға бет алады. Иманжүсіптің атын естісе тізелері дірілдеп өлердей қорқатын отырықшы қара шекпенділер қап-қап бидайларын Сырдан келген кірешілердің арбасына тиеп береді. Кірешілер жүретін жолдарда жортып жүретін қаракшы топтар керуенді тонауға Иманжүсіптен сескенеді.

Сыр бойында 13 жылдай бірсыдырғы тыныш өмір сүрген Иманжүсіп, егде тартқан шағында өз шаруасын күйттеп, дін жолын ұстанып, тыныш өмір

сүруді де ойлайды. Алайда, 1927-28 жылдары Иманжүсіптің басына үлкен қатер төнеді. Бұл қазақ даласына келген жаңа жұт – атышулы кәмпеске еді. Датқаның тұқымы, нағыз тап жауы, күдікті элемент ретінде ұсталады, оған "атақты ұры" деген жаман атағы қосылып, Иманжүсіп тағы да темір торға қамалады.

Бұл жолы қамаудан "мал ұрлады" деген қылмысы дәлелденбей, әуірімдеп зорға құтылған, жасы ұлғайған батыр басына төнген қатерді сезіп, қайтадан атының басын Арқаға бұрады. 1928 жылы Қарқаралы округінің Шет ауданында қыстап шығады. 1929 жылы Жаңаарқа ауданына қоныс аударады. Жаңа үкімет түртпектеп тыныштық бермеген соң 1930 жылдың мамыр айына дейін Мойынқұм өңіріндегі бір ауылда тұрақтап қалуды ойлайды. Дәл осы тұста (1929-1931 жылдар) қызыл үкіметтің "асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын" деген идеяға негізделген саясатының қысымына шыдай алмаған Мойынқұм мен Созақ маңының қазақтары көтеріліске шығады. Бірақ, 1930 жылдың аяғында көтеріліс басшылары мен оған қатысқан сарбаздар қамауға алынып жазаланады. Осы тұста Иманжүсіптің бір баласы Мойынқұм көтерілісінің басшысы болған Орынбай деген кісінің қызына үйленеді.

Ел ішін итше тіміскілеп, пәле іздеп жүрген ОГПУ басшылары мұны қалт жіберсін бе? Ұрымтал тұсты пайдаланып, үстінен қылмыстық іс қозғап, көтеріліс басшыларының сенімді серігі ретінде жауапқа тартылады. Сөйтіп, аты аңызға айналған дала нояны РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-2-бабы бойынша айыпталып, 1931 жылдың 2 наурызында ату жазасына бұйырылады. Бұл тұста елі мен жерінің еркіндігі үшін алысып өткен әулеттің өкілі Иманжүсіп 68 жаста екен.

Хаттамада үштікке қатысқан жендеттердің аты-жөндері көрсетілмеген. Үкімнің қай жерде, қай уақытта орындалғаны жайлы да нақтылы дерек жоқ. Кейбір дереккөздеріне қарағанда, үкім Тараз қаласында орындалып, атылған адамдар қала сыртындағы терең ұраға қалай болса солай көміліпті деседі. Басты өкініш сол, елім деп еңіреп өткен есіл ерді туысқандары мен артында қалған ұрпақтары оны мұсылман дәстүрімен арулап көміп, жоқтау айтып, жылап-сықтап шығарып сала алмады. Бірақ оның есімі туған халқының жүрегінің төрінен орын алып, бостандықты, елінің тәуелсіздігін жұмыр жердің бетіндегі барлық құндылықтардан артық көріп, өзін қазақпын деп санайтын әрбір азаматтың санасында жатталып қалды.

Иә, ол – бостандыққа қол жеткен қазіргі тұста ескерткіші немесе қола мүсіні Сыр бойы мен Арқа өңірінде төбесі көк тіреп тұруға лайықты азамат. Бар қазақтың баласы Түркістанды киелі санап, тәу етіп, қастерлеп, қадір тұтады. Міне, осы Түркістан мен халқының бостандығы және тәуелсіздігі жолында құрбан болған Тұрғанбай датқаның есімі қатар аталса мерейіміз өсіп, рухымыз асқақтай түспей ме. Халқымыздың бір әулетінің үш бірдей ұрпағы – атасы, баласы, немересі туған елінің еркіндігі жолында қатерге бас тігіп, өмірлерін құрбан етсе, оларды біз неге дәріптемейміз? Олардың өмір жолын бүгінгі және келер ұрпаққа неге үлгі етіп ұсынбаймыз?!